

**"Құжаттамалық қамтамасыз ету жұмыстарына үлгілік уақыт нормаларын бекіту туралы  
" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 7  
қарашадағы № 180 бұйрығының күшін жою туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 8 маусымдағы  
№ 154 бұйрығы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы  
Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Құжаттамалық қамтамасыз ету жұмыстарына үлгілік уақыт нормаларын бекіту  
туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 7  
қарашадағы № 180 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №  
8168 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 20 желтоқсанда және  
2013 жылғы 20 ақпанда №834-839, 71 (27910, 28010) жарияланған) бұйрығының күші  
ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мұрағаттық іс  
және құжаттама департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың көшірмесін оған қол қойылған күнінен бір апта мерзімде  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасы Әділет  
министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына және мерзімді баспасөз  
б а с ы л ы м д а р ы н а ж і б е р у д і ;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан  
Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы  
тармақтың 1) және 2) тармақшаларымен қарастырылған іс-шаралардың орындалуы  
туралы мәлімет беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
М ә д е н и е т ж әне с п о р т  
А. Мұхамедиұлы*

*министрі*  
К е л і с і л д і  
Қ а з а қ с т а н  
Д е н с а у л ы қ

Р е с п у б л и к а с ы  
с а қ т а у ж әне

әлеуметтік

даму

министрі

Т.

Дүйсенова

-----  
2016 жылғы 10 маусым

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК